

**Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Республика Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар кадрларының құрамы мен орын ауыстырушылығы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 наурыз N 371

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1996 жылғы 25 қаңтардағы жағдай бойынша министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Республика Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар кадрларының құрамы мен орын ауыстырушылығы туралы" Үкімет Аппараты Кадр жұмысы бөлімінің жазбасы назарға алынсын.

2. Министрлер, мемлекеттік комитеттердің төрағалары, Республика Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшылары, Үкімет аппаратының Басшысы "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығынан туындайтын кадр жұмысының талап деңгейінде қалыптасуын, республика атқарушы органдары жүйесіндегі мемлекеттік қызметшілердің кадр мүмкіншіліктерін еселеуді қамтамасыз ету, жіберілген кемшіліктерді жою жөнінде нақты шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының еңбек, қаржы, әділет, экономика халықты әлеуметтік қорғау, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау министрлері, Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, Үкімет Аппаратының кадр жұмысы, қаржы, еңбек, және ақша айналысы, заң, аграрлық, сектордағы реформалар, әлеуметтік-мәдени даму, қаржы-шаруашылық бөлімдерінің

меңгерушілері "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 15 қаңтардағы N 17 өкімі негізінде анықталған нормативтік құжаттардың белгіленген мерзімде әзірленуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК